

**«Қазақстан Халық Банкі»  
акционерлік қоғамы**

**2024ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
шоғырландырылған қаржы нәтижелері**

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі – Банк) (Лондон Қор Биржасындағы (LSE) тикер: HSBK, Қазақстан қор биржасындағы (KASE) тикер: HSBK және HSBKd, АХҚО биржасындағы (AIX) тикер: HSBK және HSBK.Y) 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржы есептілігін және тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық қорытындысын жариялайды.

**Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп**

	Млн теңге							
	12A 2024	12A 2023	Жылдан жылға, абс	Жылдан жылға, %	4тоқ. 2024	4тоқ. 2023	Жылдан жылға, абс	Жылдан жылға, %
<i>Пайыздық кірістер<sup>(1)</sup></i>	2,170,786	1,669,782	501,004	30.0%	598,926	463,498	135,428	29.2%
<i>Пайыздық шығыстар</i>	(1,062,876)	(872,642)	(190,234)	21.8%	(282,701)	(261,745)	(20,956)	8.0%
<b>Кредиттік залалдар бойынша шығыстарға дейінгі таза пайыздық кіріс</b>	<b>1,107,910</b>	<b>797,140</b>	<b>310,770</b>	<b>39.0%</b>	<b>316,225</b>	<b>201,753</b>	<b>114,472</b>	<b>56.7%</b>
<i>Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер</i>	211,734	200,060	11,674	5.8%	58,166	49,533	8,633	17.4%
<i>Қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстар</i>	(86,450)	(86,347)	(103)	0.1%	(22,007)	(25,207)	3,200	(12.7%)
<b>Қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістер</b>	<b>125,284</b>	<b>113,713</b>	<b>11,571</b>	<b>10.2%</b>	<b>36,159</b>	<b>24,326</b>	<b>11,833</b>	<b>48.6%</b>
Сақтандыру қызметінен түскен таза кіріс <sup>(2)</sup>	49,932	52,265	(2,333)	(4.5%)	23,656	25,918	(2,262)	(8.7%)
Шетел валютасымен операциялар, қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза пайда <sup>(3)</sup>	216,915	158,653	58,262	36.7%	67,880	56,142	11,738	20.9%
Басқа шығыстар / пайызсыз кірістер <sup>(4)</sup>	(6,303)	(1,490)	(4,813)	X4.2	21,432	(47,127)	68,559	(145.6%)
Кредиттік залалдар бойынша шығыстарды қалыптастыру және басқа кредиттік залалдар бойынша қалпына келтіру	(128,472)	(89,102)	(39,370)	44.2%	(31,544)	(18,309)	(13,235)	72.3%
Операциялық шығыстар <sup>(5)</sup>	(263,373)	(216,405)	(46,968)	21.7%	(82,674)	(62,257)	(20,417)	32.8%
Табыс салығы бойынша шығыс	(180,902)	(121,338)	(59,564)	49.1%	(68,958)	(26,789)	(42,169)	157.4%
<b>Таза пайда</b>	<b>920,991</b>	<b>693,436</b>	<b>227,555</b>	<b>32.8%</b>	<b>282,176</b>	<b>153,657</b>	<b>128,519</b>	<b>83.6%</b>
Бақыланбайтын үлес	3	1			1	-		
<b>Банктің жай акционерлеріне таза пайда</b>	<b>920,988</b>	<b>693,435</b>	<b>227,553</b>	<b>32.8%</b>	<b>282,175</b>	<b>153,657</b>	<b>128,518</b>	<b>83.6%</b>
<b>Таза пайыздық маржа, жылдық</b>	<b>7.2%</b>	<b>6.1%</b>			<b>7.5%</b>	<b>6.0%</b>		
<b>Орташа меншікті капиталға қайтару (RoAE), жылдық</b>	<b>34.0%</b>	<b>32.1%</b>			<b>37.5%</b>	<b>26.4%</b>		
<b>Орташа активтерге қайтару (RoAA), жылдық</b>	<b>5.5%</b>	<b>4.8%</b>			<b>6.3%</b>	<b>4.2%</b>		
<b>Операциялық шығыстардың операциялық кіріске қатынасы</b>	<b>17.6%</b>	<b>19.2%</b>			<b>17.8%</b>	<b>23.5%</b>		
<b>Клиенттердің қарыздары бойынша тәуекел құны, жылдық</b>	<b>1.2%</b>	<b>1.0%</b>			<b>0.9%</b>	<b>0.7%</b>		

(1) Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер және басқа пайыздық кірістер;

(2) Сақтандыру қызметтеріне арналған шығыстарды, сақтандыру бойынша қаржылық шығыстарды және қайта сақтандыру бойынша таза шығыстарды шегергендегі сақтандыру бойынша кірістер;

- (3) Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінен таза іске асырылған пайда/(залал), шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза пайда;
- (4) Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы үлес, банктік емес қызметтен түсетін кірістер, сатуға арналған активтердің құнсыздануынан болған залал және таза өзге шығыстар;
- (5) Қаржылық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіруді қоса алғанда.

**Жай акционерлерге таза пайда** 2024 ж. 12 айда кредиттеу мен транзакциялық бизнестің айтарлықтай өсуіне байланысты жылдан жылға 32.8 %-ға ұлғайды.

**Пайыздық кірістер**<sup>(1)</sup> 2023 ж. 12 аймен салыстырғанда негізінен клиенттердің қарыздары бойынша орташа мөлшерлеменің және балансының ұлғаюы есебінен 2024 ж. 12 айда 30.0 %-ға ұлғайды.

**Пайыздық шығыстар** 2024 ж. 12 айда 2023 ж. 12 аймен салыстырғанда негізінен клиенттердің қаражаты бойынша орташа мөлшерлеменің өсуі, клиенттердің теңгедегі қаражаты үлесінің және міндеттемелердің жиынтығындағы депозиттер үлесінің өсуі салдарынан 21.8 %-ға ұлғайды.

2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда және залал туралы шоғырландырылған есеп оны 2024 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есеп беру нысанына сәйкес келтіру үшін жіктеуге өзгерістер енгізілді, өйткені ағымдағы жылдың есеп беру нысаны Топтың қаржылық нәтижелері туралы нақты түсінік береді.

2023ж. үшін қызметтер мен комиссиялар бойынша 13,357 миллион теңге сомасындағы шығыстарды қайта жіктеу депозиттерді сақтандыру бойынша шығыстарды қайта жіктеуді қамтиды. Бұл шығыстар депозиттер бойынша шығыстармен тікелей байланысты болғандықтан, Топ басшылығы оларды пайыздық шығыстардың құрамына қайта жіктеу туралы шешім қабылдады. Тиісінше, 2023 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте қайта жіктеу жүргізілді. Барлық коэффициенттер тиісінше қайта есептелді. Толығырақ ақпарат алу үшін 2024 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «Халық» тобының шоғырландырылған қаржылық ақпаратын қараңыз, №4б ескертпе.

2024 ж. 12 айда **таза пайыздық маржаға** клиенттердің қарыздары бойынша да, клиенттердің қаражаты бойынша да орташа мөлшерлемелердің ұлғаюы әсер етті. Сонымен қатар **таза пайыздық маржаға** бөлшек клиенттерге жиынтық кредит портфеліндегі неғұрлым жоғары кірісті қарыздар үлесінің және клиенттерге жиынтық пайыздық активтердегі қарыздар үлесінің ұлғаюы оң әсер етті, сондай-ақ теңгемен номиналданған пайыздық кіріс әкелетін ақша қаражаты мен олардың баламаларының үлесі ұлғайды. Нәтижесінде **таза пайыздық маржа** 2023ж. 12 айдағы жылдық 6.1 %-бен салыстырғанда 2024ж. 12 айда жылдық 7.2 %-ға дейін ұлғайды.

2023 жылғы қарашадан бастап заңды тұлғалар үшін пакеттік ұсыныстардың амортизациясына көшуден және 2023 ж. 2-жартыжылдықта кейбір бөлшек тарифтерді қайта қараудан болған теріс әсерге қарамастан, 2024 ж. 12 айдағы **қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер** 2023 ж. 12 аймен салыстырғанда клиенттер санының өсуі, клиенттердің транзакциялық белсенділігінің, сондай-ақ берілген кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша комиссиялардың ұлғаюы нәтижесінде 5.8 %-ға өсті.

2024 ж. 12 айдағы **комиссиялық шығыстар** 2023 ж. 12 аймен салыстырғанда іс жүзінде сол деңгейде қалды. Төлем карталарына қызмет көрсету төлемдерінің өсуі халықаралық төлем жүйесі тарапынан адалдық бағдарламасы бойынша шығындарды ішінара жабумен өтелді. Нәтижесінде, 2024 ж. 12 айдағы **қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістер** 2023 ж. 12 аймен салыстырғанда 10.2 %-ға өсті.

2024 ж. 12 айдағы **басқа шығыстарға/пайызсыз кірістерге**<sup>(4)</sup> ҚОҚ депозитін ХҚЕС-ға сәйкес мерзімінен бұрын өтеуге байланысты, 2024 ж. 12 аймен салыстырғанда біржолғы шығынды тану неғұрлым маңызды әсер етті.

**Операциялық шығыстар<sup>(5)</sup>** 2023ж. 12 аймен салыстырғанда негізінен ұзақ мерзімді ынталандыру бағдарламасы бойынша шығыстарды қамтитын жалақы мен сыйлықақыларды индекстеу есебінен 2024ж. 12 айда 21.7 %-ға ұлғайды.

**Операциялық шығыстардың операциялық кіріске қатынасы** 2024ж. 12 айдағы операциялық кірістердің аса жоғары болуының арқасында 2023ж. 12 айдағы 19.2 %-бен салыстырғанда 2024ж. 12 айда 17.6 %-ды құрады.

2024 ж. 12 айдағы **клиенттердің қарыздары бойынша тәуекел құны** біздің болжамымызға сәйкес қалыпты деңгейде болды және 1.2 %-ды құрады.

### **Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп**

	Млн теңге						
	31-Желтоқсан-24	30-Қыркүйек-24	3-тоқ. аяғына қарай өзгерістер, абс	3-тоқ. аяғына қарай өзгерістер, %	31-Желтоқсан-23	Жыл басына қарай өзгерістер, абс	Жыл басына қарай өзгерістер, %
<b>Активтердің барлығы</b>	<b>18,548,414</b>	<b>17,650,108</b>	<b>898,306</b>	<b>5.1%</b>	<b>15,494,368</b>	<b>3,054,046</b>	<b>19.7%</b>
Ақша және оның баламасы <sup>(6)</sup>	1,780,132	2,248,355	(468,223)	(20.8%)	1,622,181	157,951	9.7%
Кредиттік мекемелердегі қаражат	156,966	144,704	12,262	8.5%	171,754	(14,788)	(8.6%)
ҚР Қаржы Мин қазынашылық вексельдері мен ҚРҰБ ноталары <sup>(7)</sup>	2,738,432	2,784,832	(46,400)	(1.7%)	2,125,941	612,491	28.8%
Басқа БҚ және туынды құралдар <sup>(8)</sup>	1,776,082	1,539,503	236,579	15.4%	1,614,666	161,416	10.0%
Несие портфелі, <b>брутто</b>	12,038,868	10,884,432	1,154,436	10.6%	9,774,798	2,264,070	23.2%
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтер	(573,219)	(556,743)	(16,476)	3.0%	(489,926)	(83,293)	17.0%
Несие портфелі, <b>нетто</b>	11,465,649	10,327,689	1,137,960	11.0%	9,284,872	2,180,777	23.5%
Сатуға арналған активтер	8,833	11,480	(2,647)	(23.1%)	111,542	(102,709)	(92.1%)
Басқа активтер	622,320	593,545	28,775	4.8%	563,412	58,908	10.5%
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>15,480,365</b>	<b>14,770,832</b>	<b>709,533</b>	<b>4.8%</b>	<b>13,017,414</b>	<b>2,462,951</b>	<b>18.9%</b>
Клиенттердің қаражаты, сондай-ақ:	12,990,043	11,974,486	1,015,558	8.5%	10,929,504	2,060,539	18.9%
жеке тұл. депозиттері	7,200,363	6,543,795	656,568	10.0%	5,828,645	1,371,718	23.5%
мерзімді салымдар	6,063,129	5,581,796	481,334	8.6%	4,808,592	1,254,537	26.1%
ағымдағы шоттар	1,137,234	961,999	175,234	18.2%	1,020,053	117,181	11.5%
заңды тұл. депозиттері	5,789,681	5,430,691	358,989	6.6%	5,100,859	688,822	13.5%
мерзімді салымдар	3,811,441	3,500,441	311,000	8.9%	3,338,099	473,342	14.2%
ағымдағы шоттар	1,978,239	1,930,250	47,990	2.5%	1,762,760	215,479	12.2%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	879,212	818,756	60,456	7.4%	653,393	225,819	34.6%
Кредиттік мекемелердің қаражаты	814,069	1,203,263	(389,194)	(32.3%)	778,311	35,758	4.6%
Басқа міндеттемелер	797,041	774,327	22,714	2.9%	656,206	140,835	21.5%
<b>Капиталдың барлығы</b>	<b>3,068,049</b>	<b>2,879,276</b>	<b>188,773</b>	<b>6.6%</b>	<b>2,476,954</b>	<b>591,095</b>	<b>23.9%</b>

(6) Ақша және оның баламасы және міндетті резервтер;

(7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері мен ҚРҰБ ноталары;

(8) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық вексельдерін және ҚРҰБ ноталарын шегергендегі, күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтерді шегергендегі амортизацияланған құны бойынша бағаланатын өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері, Борыштық бағалы қағаздар;

2024 жылдың 4-тоқсаны аяғындағы жағдай бойынша **активтердің барлығы** клиенттердің қаражатының өсуі салдарынан жыл басынан бері 19.7 %-ға ұлғайды.

2023 жыл аяғымен салыстырғанда **клиенттерге қарыздар** брутто негізінде 23.2 %-ға және нетто негізінде 23.5 %-ға ұлғайды. Брутто негізінде несие портфелінің ұлғаюы бизнестің барлық сегментінің өсуімен: бөлшек портфельдің 33.3 %-ға және заңды тұлғалар портфелінің 18.4 %-ға ұлғаюына байланысты болды.

**Stage 3 коэффициенті** 2024 ж. 4-тоқсанның аяғына қарай проблемалық кредиттермен жүргізілген жұмыс және кредиттік портфельдің өсуі нәтижесінде 7.5 %-дан 6.3 %-ға дейін төмендеді.

2023 ж. аяғымен салыстырғанда **заңды тұлғалардың қаражаты және жеке тұлғалардың қаражаты** Банк клиенттерінен қаражаттың келуі есебінен тиісінше 13.5 %-ға және 23.5 %-ға ұлғайды.

2024 ж. 4-тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша теңгемен көрсетілген клиенттер қаражатының үлесі клиенттер қаражатының жалпы сомасынан 2023 жыл аяғындағы жағдай бойынша 67.8 %-бен салыстырғанда 69.1 %-ды құрады, ал теңгемен көрсетілген заңды тұлғалар депозитінің үлесі заңды тұлғалар депозитінің жалпы сомасынан 2023 жыл аяғындағы жағдай бойынша 72.9 %-бен салыстырғанда 70.9 %-ды құрады, теңгемен көрсетілген бөлшек депозиттердің үлесі бөлшек депозиттердің жалпы сомасынан 2023 жыл аяғындағы жағдай бойынша 63.4 %-бен салыстырғанда 67.5 %-ды құрады.

2023 жыл аяғымен салыстырғанда **кредиттік мекемелердің қаражаты** РЕПО келісімдері бойынша қарыздардың және Банк 300 млн АҚШ долларына тартқан синдикатталған мерзімді қарыздың өсуі нәтижесінде 4.6 %-ға ұлғайды.

2024 ж. аяғындағы жағдай бойынша **шығарылған бағалы қағаздар** 2023 жыл аяғымен салыстырғанда 34.6 %-ға ұлғайды және Банктің борыштық бағалы қағаздарының портфелі келесідей болды:

Борыштық құралдың атауы	Айналымдағы номиналдық сомасы	Сыйақы мөлшерлемесі	Өтеу күні
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	131.7 млрд теңге	жылдық 7.5 %	2025 ақпан
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	101.1 млрд теңге	жылдық 9.5 %	2025 қазан
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	140.2 млрд теңге	жылдық 12.79 %	2031 шілде
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	20.0 млрд теңге	TONIA+1.25%	2027 желтоқсан
Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар	190 млн АҚШД	жылдық 3.5 %	2025 мамыр
Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар	298 млн АҚШД	жылдық 3.5 %	2025 мамыр
Astana International Exchange-де бағаланатын облигациялар	423.5 млн АҚШД	жылдық 3.5 %	2025 шілде

2024ж. аяғындағы жағдай бойынша **капиталдың барлығы** дивидендтер төлеу арқылы ішінара өтелген, Банктің 2024 жылғы 12 айда тапқан таза табысының нәтижесінде 2023 жылдың аяғымен салыстырғанда 23.9 %-ға ұлғайды.

Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенттері\*:

31-желтоқсан-24    30-қыркүйек-24    30-маусым-24    31-мамыр-24    31-желтоқсан-23

*Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттері, шоғырландырылмаған:*

Halyk Bank

k1-1	19.6 %	19.2 %	17.6 %	19.0 %	19.6 %
k1-2	19.6 %	19.2 %	17.6 %	19.0 %	19.6 %
k2	19.6 %	19.4 %	17.7 %	19.2 %	19.9 %

*Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттері, шоғырландырылған:*

негізгі

капиталдың  
жеткіліктілік  
коэффициен

18.8%	19.0%	17.4%	19.5%	19.3%
-------	-------	-------	-------	-------

ті  
(СЕТ 1)

бірінші  
деңгейдегі  
капиталдың  
жеткіліктілік  
коэффициен

18.8%	19.0%	17.4%	19.5%	19.3%
-------	-------	-------	-------	-------

ті  
меншікті

капиталдың  
жеткіліктілік  
коэффициен

18.9%	19.1%	17.5%	19.7%	19.6%
-------	-------	-------	-------	-------

ті

*\* капиталдың жеткіліктілігіне қойылатын ең аз реттеушілік талаптар: k1 – 9.5 %, k1-2 – 10.5 % және k2 – 12 %, сондай-ақ әрбір коэффициент үшін 3 % консервациялық буфер және 1 % жүйелік буфер.*

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржы есептілігі, сондай-ақ ескертпелері, Банктің веб-сайтында қолжетімді: <http://halykbank.com/financial-results>

2024 жылдың он екі айы және 4-тоқсаны үшін қаржы нәтижелерінің қорытындысы бойынша телефон конференциясы 2025 жылғы 27 наурызда бейсенбі күні Лондон уақыты бойынша сағат 14:00-де / Алматы уақыты бойынша 19:00-де (UTC +5:00) өтеді. Таныстырылымның тікелей трансляциясы тіркелгеннен кейін Zoom сілтемесі арқылы қолжетімді. Тіркелу 2025 жылғы 27 наурызға дейін (қоса алғанда) ашық, тіркелу үшін мына жерді басыңыз.

### **Қазақстан Халық Банкі туралы**

Қазақстан Халық Банкі – бөлшек, ШОБ және корпоративтік банк қызметтерін, сақтандыруды, лизингі, брокерлік қызметтерді, активтерді басқаруды және өмірге қажетті қызметтерді (лайфстайл) қоса алғанда, әртүрлі сегменттерде жұмыс істейтін Қазақстандағы жетекші қаржы тобы. Халық Банкінің Қазақстан қор биржасында 1998 жылдан бері, Лондон қор биржасында 2006 жылдан бері және Астана халықаралық биржасында 2019 жылдан бері листингі бар.

2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша жиынтығында 18,548.4 млрд теңге мөлшеріндегі активтерге ие бола отырып, Банк Қазақстандағы ең ірі кредитор болып табылады. Банк елдегі ең ірі клиенттік базалардың біріне және кең тараған филиал желісіне ие, ел бойынша 542 филиалы мен бөлімшесі бар. Сонымен қатар Банк Грузия мен Өзбекстанда қызмет етеді.

Банк туралы толығырақ ақпаратты: <https://www.halykbank.com> сайтынан табуға болады

**Қосымша ақпарат алуға болатын тұлғалар:**

Мира Тиянақ	+7 727 259 04 30 MiraK@halykbank.kz
Рустам Теліш	+7 727 330 15 66 RustamT3@halykbank.kz
Нұргүл Мухади	+7 (727) 330 16 77 NyrgylMy@halykbank.kz